

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(Т. Адамбеков, Д. Исабеков)

2023 жылғы 15 маусымдағы № ДС-233

Құрметті депутаттар!

Байланыс қызметтерінің кейбір мәселелеріне қатысты сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Ұялы байланыс қызметтері нарығын талдауға қатысты

Бүгінгі күні ұялы байланыс нарығында бес сауда белгісін иеленетін 3 оператор бар.

Анықтама: «Kcell» АҚ (Kcell және Activ сауда белгілері), «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 және Altel сауда белгілері) және «КаР-Тел» ЖШС (Beeline сауда белгісі).

Талдау қорытындысы бойынша елді мекендерді (бұдан әрі – ЕМ) ұялы байланыс және Интернет желісіне қол жеткізу қызметтерімен қамтуда көрсетілген ұялы байланыс операторлары арасында теңгерімсіздік байқалмайды.

Анықтама:

«Kcell» АҚ 2G - 2 959 ЕМ, 3G - 2 086 ЕМ, 4G - 308 ЕМ қызметтері мен қамтамасыз еткен;

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС 2G - 3 717 ЕМ, 3G - 4 154 ЕМ, 4G - 1 323 ЕМ қызметтері мен қамтамасыз еткен;

«КаР-Тел» ЖШС 2G - 4 120 ЕМ, 3G - 3 696 ЕМ, 4G - 2 420 ЕМ қызметтері мен қамтамасыз еткен.

Бұдан басқа, радиожилік спектрін тиімді бөлу мақсатында Халықаралық электр байланысы одағының ұсынымдарына сәйкес а.ж. мамыр айында Қазақстан Республикасының радиоқызметтері арасында барлық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдарға арналған 3 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі жиіліктер ауқымында жиіліктер белдеуін бөлу кестесі қайта қаралды.

2022 жылдың желтоқсанында 3600-3800 МГц диапазонындағы екі лот бойынша жиілік диапазондарын тағайындау бойынша алғаш рет аукциондар өткізілді.

Әлемдегі халық тығыздығының көрсеткіштері төмен елдердің біріне жататына қарамастан, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының «Телекоммуникациялық инфрақұрылым» индексі шеңберінде 65-ші орында.

Осылайша, ағымдағы жағдайды ескерсек, елдегі ұялы байланыс нарығы

бәсекеге қабілетті.

Шағын байланыс операторларын дамытуға және инфрақұрылым құруға қатысты

Шағын және орта байланыс операторларын дамыту үшін мынадай шаралар қабылданды:

- «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заң шеңберінде жергілікті атқарушы органдарға байланыс желілерін құруды және пайдалануды ұйымдастыру мүмкіндігі ұсынылды (27-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы, 31-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы, 2022 жылғы шілдеде өзектілендірілді);

- «Байланыс туралы» Заң шеңберінде электр берудің әуе желілері арқылы талшықты-оптикалық байланыс желілерін жүргізу мүмкіндігі көзделген (29-баптың 6-тармағы, 2022 жылғы шілдеде өзектілендірілді);

- электр берудің әуе желілері арқылы талшықты-оптикалық байланыс желілерін жүргізу жөніндегі техникалық сипаттамалар бөлігінде Электр қондырғыларын орнату қағидалары (Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілді, 2022 жылғы қазанда өзектілендірілді) өзектілендірілді;

- байланыс желілерін төсеу үшін кәбілдік кәрізге ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету бөлігінде Кәбілдік кәрізді пайдалануға беру қағидалары (Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 120 бұйрығымен бекітілді, а.ж. қаңтарда өзектілендірілді) өзектілендірілді.

Сонымен қатар ағымдағы жылдың басынан бері облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктері шағын және орта байланыс операторларымен тұрғындардың Интернет желісіне қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша меморандумдар жасасты және жол карталарына қол қойды.

Қабылданған шаралар шағын байланыс операторларын және инфрақұрылымды дамытуға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылды күшейтуге бағытталған.

Жалпы бұл бағыттағы жұмыс Үкіметтің бақылауында.

Ә. Смайылов